

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 14-үй,
тел.: +7(7172) 721384, 721385, факс: 50-41-97
e-mail: MORK @mod. gov.kz

010000, город Астана, улица Достык, дом 14,
тел.: +7(7172) 721384, 721385, факс: 50-41-97
e-mail: MORK @mod. gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Н. Сайлаубайға
Н. Әуесбаевке
А. Рақымжановқа
А. Сағындықоваға
Г. Танашеваға
Н. Тауға

2023 ж. 21.04. № ДС-85

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қарулы Күштерді қару-жарақпен жаратандыру, цифрландыру, инфрақұрылымды дамыту және әскери қызметтің беделін арттыру жөніндегі сауалдарыңызға жауап жолдаймыз.

Қосымша: мәтін бойынша, мемлекеттік тілде, 6 парақта, құпия емес, тек мекенжайға.

**Құрметпен,
Министрдің міндетін уақытша атқарушы
генерал-лейтенант**

Р. Шпекбаев

Орынд. және терг. Ж. Балабеков
Тел.: 72-15-31

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан армиясын реформалау бойынша кешенді жұмыстар қаншалықты жоспарлы түрде жүріп жатыр және Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамын жаңғырту, әскери дайындықты жетілдіру, заманауи қару-жарақпен және әскери техникамен жасақтандыру, цифрландыру, әскери инфрақұрылымды дамыту, әскери қызметтің беделін арттыру жөніндегі басым бағыттары жоспары қалай жүріп жатыр?

2021 жылы Мемлекет басшысы екі негізгі құжатты бекітті. Олар – 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және 2030 жылға дейін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасы.

Өткен жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде Әскери доктринаның жаңартылған редакциясы бекітілді.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне және соғыс қатеріне ықпал ететін негізгі жағдайлар мен факторлар нақтыланды.

Жалпы Доктринаға мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып, 80-нен астам түзету мен толықтыру енгізілді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы армияны қайта форматтау шеңберінде әскерлердің жауынгерлік қабілетін арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Қазіргі таңда Қорғаныс министрлігі жоспарлы түрде Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда.

Қарулы Күштердің құрылымын жетілдіру мақсатында Арнайы операциялар күштері құрылды, Десанттық-шабуылдау әскерлері Құрлық әскерлері құрамынан шығарылып, өз алдына дербес әскер түрі болып қайта құрылды. Сонымен қатар, Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қабілетін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Аумақтық қорғаныстың әлеуеті күшейтілуде. Азаматтық қорғаныс бөлімшелері құрылуда.

Әскери полиция органдарының құрамында жедел ден қою бөлімшелері құрылды.

Өткен жылы 1900-ден астам офицер, келісімшарт бойынша сержанттар мен сарбаздар Қарулы Күштердің құрамына алынды.

32 мыңнан астам азамат мерзімді әскери қызметке шақырылды.

Жалпы әскерлердің жауынгерлік қабілетін және жауынгерлік әзірлігін арттыру үшін 140-тан астам әртүрлі оқу-жаттығу өткізілді.

73 мыңнан астам жауынгерлік даярлық іс-шарасы өткізілді, ол бізге 58 мыңнан астам маман дайындауға мүмкіндік берді. 1400-ден астам запастағы әскери міндетті әскери жиыннан өтті.

Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігі жылдан жылға артуда, ол үшін бюджетте 20 млрд. теңгеден астам қаражат көзделген.

Жауынгерлік әзірлік қарқынын арттыру үшін жартыжылдық оқу циклі енгізілді, ол әскери бөлімдердің және әскери қызметшілердің даярлығы сапасын арттыра түсті.

Әскерде қазіргі заманғы оқыту әдістемесі енгізіліп, ресурсты үнемдеу үшін полигон жабдығы мен оқу тренажерлерінің саны ұлғайтылуда.

2022 жылы Қарулы Күштердің құрамалары мен әскери бөлімдеріне 150-ден астам жаңа әскери техника сатып алынды, оның ішінде көп функционалды Су-30СМ ұшақтары, ТОР-М2Э зениттік-зымыран кешені, «Арлан» броньды дөңгелекті машиналары, GM-403 радиолокациялық станциясы, робототехника кешені және т.б.

Бұдан басқа, 10 мыңнан астам арнайы құралдар мен қазіргі заманғы байланыс құралдары қару-жараққа алынды.

Сонымен қатар, 90-нан астам әскери техника күрделі жөндеуден және жаңғыртудан өткізілді.

Ағымдағы жылы әскерлерді цифрландыру бойынша мынадай іс-шаралар жоспарланған:

1) Құрлық әскерлерін автоматтандырылған басқару жүйелерінің (бұдан әрі – ҚӘ АБЖ) арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу (сатып алу).

Әзірлеу (сатып алу) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның әзірлігін ескере отырып, ұзақ уақыт алады және ол, ең алдымен, геоақпараттық жүйенің (бұдан әрі – ГАЖ), операциялық жүйенің және «жіксіз» өзара іс-қимылды және әртүрлі деңгейдегі автоматтандырылған басқару мен белгілеу жүйелерін интеграциялауды қамтамасыз ететін қолданбалы модульдердің бір типті платформаларында орналасуға тиіс.

2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның АБЖ-сын құру және дамыту шеңберінде:

- басқару пункттерін және жауынгерлік басқару орталықтарын қажетті ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылыммен жарақтандыру;

- деректер беру көліктік желісінің (бұдан әрі – ДБКЖ) жабдығын сатып алу, Қарулы Күштердің әскери бөлімдері мен мекемелерінде монтаждау және іске қосу-реттеу жұмысын жүргізу.

Әскери инфрақұрылым, яғни әскери қалашықтар, қару-жарақ және оқ-дәрі қоймалары жоспар бойынша салынууда.

Қазіргі әскери инфрақұрылым кеңес армиясының стандарттарына сәйкес құрылған. Бүгінгі таңда біздің алдымызда армияны трансформациялау жөнінде күрделі тапсырма тұр. Біз жаңа гарнизондарды, әскери қалашықтарды бұрын олар болмаған жерде салып жатырмыз.

Ел аумағын жедел жабдықтау жөнінде іс-шаралар орындалуда. Оқ-дәрілерді сақтауға арналған қауіпті объектілер елді мекеннен тысқары жерлерге орналастырылуда.

Әскери қызметтің беделін арттыру және әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануда.

Мемлекет басшысының қолдауымен 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қарулы Күштер жеке құрамының жалақысы 35 пайызға көтерілді.

Әскери қызметшілердің жалақысы 2021 – 2023 жылдары орташа есеппен алғанда 60 пайызға немесе 1,6 есеге көтерілді.

Арнайы мақсаттағы бөлімшелер әскери қызметшілерінің еңбекақысы 20 пайызға көтерілді.

Биылғы жылдан бастап әскери ұшқыштар құрамының, әскери ЖОО оқытушыларының және әскери дәрігерлердің жалақысы орташа алғанда 60 пайызға өседі.

2024 жылы қаңтардан бастап әскери атағы үшін төленетін үстемеақы 30 пайызға артады.

Сонымен қатар, Ұлттық ұлан мен Ішкі істер министрлігіне ұқсас төтенше жағдай салдарын жоюға қатысқаны үшін Қарулы Күштердің әскери қызметшілеріне 3 есе жоғары өтемақы беру туралы Заңға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар бар.

Әлеуметтік пакеттің келесі компоненті, ол тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінде 40 мыңнан астам адам тұрғын үй төлемін алып отыр.

Тұрғын үй алу үшін әртүрлі бағдарламалар бар, оның ішінде «Әскери баспана», «7-20-25» және басқалары.

2018 – 2022 жылдар аралығында 13 мыңнан астам әскери қызметші жеке баспаналы болды.

Сонымен қатар, мерзімді қызметтің беделін арттыру мақсатындағы бағдарламаны іске асыру шеңберінде елдің 70 жетекші ЖОО-мен жеңілдік негізінде білім алуға меморандум жасалды. Көрсетілген жеңілдік мерзімді қызмет өткерген барлық азаматтарға мерзімді қызметті өткергеннен кейін екі жыл ішінде Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесін ескермей, сұхбаттасу нәтижесі бойынша ақылы түрде ЖОО-ларда оқуға түсуге мүмкіндік беруді көздейді. Олар күнтізбелік кезеңде мерзімді әскери қызмет аяқталғаннан кейін түсе алады. Ал барлық әскери қызметшілер ЖОО-лардың әскери кафедраларында тегін және емтихансыз оқи алады.

Аса лайықты, тәртіпті және мерзімді қызмет кезеңінде жауынгерлік даярлықта жоғары нәтижеге қол жеткізген жекелеген әскери қызметшілерге ЖОО-лар есебінен тегін жоғары білім алуға мүмкіндік берілетін болады.

Мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің күн тәртібінде ЖОО-ларға оқуға түсуге дайындалуға арналған уақыт көзделгенін атап өту қажет.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен сарбаздарға «кредиттік демалыс» беру туралы келісімге қол қойылды. Бүгінгі таңда 3 мыңнан астам әскери қызметшіге кредит бойынша төлемді шегеру берілді.

Көрсетілген бастама мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне әскери қызметті өткеру кезеңінде өз кредиттері туралы ұмытуға мүмкіндік береді. Кредиттер бойынша төлемдерді шегеру барлық банктермен және шағын қаржы ұйымдарымен сарбаздардың барлық қаражат қарыздары бойынша «тоқтату» ұсынылады. Төлемдерді шегеру кезеңінде кредит беруші қарызды өтеп алу бойынша сотқа талап араз беруді, нотариуске жүгінуді тоқтатады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мерзімді қызмет сарбаздарын экономиканың нақты секторында тапшы 28 мамандық бойынша даярлауды бастады (техниканы жөндеу бойынша шебер, экскаватор машинисі, электр монтаждаушы, аспаз, дәнекерлеуші-сайманшы, электр дәнекерлеуші және т.б.). Жыл сайын запасқа шығарылғаннан кейін оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндігімен 3 мыңға жуық маман дайындалады.

2. Соңғы үш жылда, яғни 2020 – 2022 жылдар кезеңінде Қазақстан армиясында сарбаздарға қатысты қозғалған істер шешімдерінің нәтижесі мен қорытындысы.

Қорғаныс министрлігінің басшылығы тұрақты негізде әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, армия ортасында жарғылық емес өзара қарым-қатынас көрінісіне байланысты теріс процесті төмендету бойынша барлық мүмкін болатын шараларды қабылдауда.

2020 – 2022 жылдар кезеңінде сарбаздарға қатысты келесі қылмыстық құқықбұзушылықтар орын алды:

1. Жарғыға жат әрекеттер (2020-13, 2021-24, 2022-16);
2. Бөлімді өз бетімен тастап кету және басқа да жалтарулар (2020-1, 2021-1, 2022-1);
3. Басқа да әскекри қылмыстар (2020-1, 2021-1, 2022-0);
4. Қауіпсіздік шараларын бұзу (2020-0, 2021-2, 2022-0);
5. Мүлікті ұрлау (2020-1, 2021-0, 2022-2);
6. Жалпықылмыстық қылмыстар (2020-0, 2021-0, 2022-1);
7. Өзіне өзі қол жұмсау және оны жасау әрекеті (2020-1, 2021-0, 2022-0).

Жеке құрамның қаза табу, ауыр жарақаттар мен зақым келтіруге байланысты оқиғаның, сондай-ақ казармадағы бұзышылық көрінісінің барлық фактілері бойынша тез арада ықпал ету шаралары қабылданады: қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі, алғашқы себептер, жай-күй және лауазымды адам кінәсінің деңгейі айқындалады, оларды қатаң тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықтар шығарылуда.

Күштеп жәбірлеу актілерінің алдын алу мүддесіндегі жақсы демеу сенім телефондары, гарнизондардағы әскери полиция органдарының алдын алу кабинеттері, казармаларды және басқа да тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін қазіргі заманғы бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ҚК-да қаза табуды талдаудан кейін 2022 жылғы маусымда Қорғаныс министрлігі «Өмірді сақта» бағдарламасына бастама жасады, ол барлық әлеуетті ведомстволармен бір ауыздан қолдау тапты, ал 2022 жылғы қыркүйекте Ведомствоаралық бағдарламалық құжат мәртебесін алып бірлескен бұйрықпен ресми түрде бекітілді.

Бағдарламаны қолданысқа енгізгеннен бастап әскери полицияның аумақтық органдары гарнизон бастықтарымен және әскери бөлімдердің командирлерімен сол жерде тығыз нақты өзара іс-қимылға бағыт көрсетті, олар сарбаздар ортасында құқық бұзушылықтың алдын алуға шоғырландыруға негізгі күш-жігер салды. Бүгінгі күні барлық оқып-үйрену (жауынгерлік емес) бөлімшелері бір мерзімді қызметтегі әскери қызметшілермен жасақталады,

оларды оқытып-үйрету аяқталғаннан кейін (6 айдан соң) көктемде және күзде әскерге шақыру бойынша мерзімді қызмет өткеретін әскери бөлімдер бойынша бөлінеді. Жылына бір рет әскерге шақыру жүзеге асырылатын әскери бөлімдер (бөлімшелер) де бар.

Алайда, бөлімшелерді жоғары шақырумен араласуды болдырмау үшін бір шақырудағы жасақтаудың кемшілігі жауынгерлік әзірліктің және бөлімшенің үйлесімділік жағдайына жағымсыз әсер ететін факторы болып табылады. Жауынгерлік жағдайда әскери қызметшілер азды-көпті ұйымшыл болады, жағдайға қажетті бейімделуді, сабырлықты сақтай алуды, ұжымдық қорғау және өзара жәрдемдесу шараларын орындауды көрсетпейді.

ҚР ҚК цифрландыру процесі шеңберінде мерзімді қызмет әскери қызметшілері мен олардың ата-аналарымен бейнебайланыс өткізуге мүмкіндік беретін «Отбасымен бейнебайланыс» жобалық сервисі қолданысқа енгізілді және табысты іске асырылуда (бейнебайланыс аптасына кемінде 2 рет жүзеге асырылады). Сонымен қатар, Қорғаныс министрлігі роботты техника, хакатон және т.б. бойынша жобалар шеңберінде бозбалалар мен жастарға қолдау көрсетеді.

Барлық әскери бөлімде сарбаздардың ата-аналарымен әлеуметтік чат пен телефон байланысы арқылы кері байланыс жасалды. Жүйелі түрде әлеуметтік сұрақ-жауап, жасырын сауалнама, денені қарап-тексеру, бөлімше белсенділерін, Қарулы Күштер ардагерлерін, қоғам қайраткерлерін, әкімдік өкілдерін қоса алғанда, БАҚ, сарбаздар ата-аналары комитетін тартумен алдын алу акциясы, он күндік пен айлық өткізіледі.

Сонымен, 2023 жылғы ақпаннан бастап әскерлерде «Ана көзімен ұлының қызметі» әскери-патриоттық акциясы басталды, онда «Ана жүрегі» сарбаздар аналары комитетінің өкілдері әскери бөлімдер мен гарнизондарға барып олардың нақты тұрмыстық және қызметтік жағдайымен танысып, ашық әңгіме жүргізеді және командирлермен өз ойларымен бөлісіп, өздерінің ұсыныстары мен ескертулерін енгізуде. Акция нәтижесі ағымдағы жылғы шілдеде жасалады. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде тағы бір жүйелі қадам болып табылады.

Түзету ролі барысында Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, әскерге шақырылуға дейінгі жастармен жұмысты жүйелендіруге мүмкіндік беретін Үкімет қаулысымен «Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидасы» бекітілді (2022 жылғы 24 тамыздағы № 597), депутаттармен бірлесіп, өскелең ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Патриотизм мен әскери борышқа адал болу негізі, құқыққа сыйымды және тәртіптілікті жоғары деңгейде ұстау жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлық, психологиялық тренинг, жеке-тәрбие жұмысы, жалпы жиналыс, құрмет көрсету кеші, құқықтық білім және ашық есік күндері, ахуалдық кейс, әскери қызметшілердің әскери борышын атқару барысында көрсеткен ерлік мінезді көпшілікке тарату арқылы дарытылады.

Сонымен, дәйекті түрде Қорғаныс министрлігі қабылдайтын шаралар жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайға, бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен үйлесімділігіне оң әсер етеді, ол әскери тәртіпті және құқықтық тәртіпті жан-жақты нығайтуға себеп болады.

3. Қазақстандық армияны бірыңғай келісімшарт бойынша әскери қызметкерлерден жинақталатындай етіп кәсіби негізге толығымен ауыстыру туралы

Қарулы Күштердің әскери қызметшілермен жасақталу жүйесі оның алдында тұрған міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі айқындалған талаптарға сәйкес келуге тиіс:

бейбіт уақытында – құралымдардың барлық түрлерін айқын циклі бойынша белгіленген нормаларға дейін жеке құраммен уақтылы толықтырумен және әскери үйретілген ресурстармен қорланумен қамтамасыз ету;

соғыс уақытында – даярлық жүйелерінің параметрлерін және әскер топтарының құрамына адам ресурстарын беруді әзірлеу мен негіздеу.

Арасында, қарулы күштерді жасақтаудың әлемдік тәжірибесін талдау елдердің басым бөлігі 47 пайызы ерікті түрде (келісімшарт бойынша) жасақталатынын көрсетеді, 7 пайызы сайлау принципі бойынша және 3 пайызы жақын арада мерзімді әскери қызметке шақырылудан бас тартуға әзір. Елдердің 32 пайызы аралас түр бойынша жасақтауды жүргізеді.

Әскерлерді бірыңғай келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтау қажеттілігі қазіргі заманғы әскери қақтығыстар мен соғыстардың мазмұны өзгеруіне байланысты, ал оларда қолданылатын қару-жарақ пен әскери техника жоғары білікті мамандардың – кәсіби әскерлердің болуын талап етеді.

Қазіргі таңда, Қазақстан Қарулы Күштері аралас түр бойынша жасақталуда, оның жеке құрамының **70** пайызы кәсіби білікті әскери мамандар, ал **30** пайызы қысқа мерзімді қызметтегі сарбаздар.